

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

3. Zarandi, S. Z. A., & Rahbar, B. (2016). Enhancing speaking ability through intervening scaffolding strategies. *Theory and Practice in Language Studies*, 6(11), 2191.
4. Rahmah, S. (2022). *The Use Of Scaffolding Talk Technique In Teaching English Speaking* (Doctoral dissertation, UIN Ar-Raniry Banda Aceh, Tarbiyah dan Keguruan).
5. Douglas, H. B. (2018). *Teaching by Principles, Second* (BookFi. org). pdf. *Teaching by Principles An Interactive Approach to Language Pedagogy*, 491.
6. Fajariyah, D. N. (2009). Improving Students' Speaking Proficiency Using Games. *A Classroom Action Research on the Eight Grade Students of SMP Negeri 2 Baki Sukoharjo 2008/2009 Academic Year*
7. Hong, B. T. M. (2006). Teaching speaking skills at a Vietnamese university and recommendations for using CMC. *Asian EFL Journal*, 14(2)
8. Luoma, S. (2004). *Assessing speaking*. Cambridge University Press.
9. Rawat, R., Chakrawarti, R. K., Sarangi, S. K., Vyas, P., Alamanda, M. S., Srividya, K., & Sankaran, K. S. (Eds.). (2024). *Conversational Artificial Intelligence*. John Wiley & Sons.
10. Norton, J., & Buchanan, H. (Eds.). (2022). *The Routledge handbook of materials development for language teaching*. Routledge.

ӘОЖ 371.33

БҮГІНГІ ОҚУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ «ФИЛЬМ» РӨЛІ

Тілекқабыл Ақбота Берікқызы
aqbota_0505@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің «Қазақ тілі мен әдебиет пән
 мұғалімдерін даярлау» мамандығының 1 курс студенті
 Астана, Қазақстан
 Ғылыми жетекшісі – Ә.М.Қызырова

«Технология ешқашан аяқталмайды, ол әр уақытта өзгереді және біз онымен бірге алға жылжуымыз керек». Құрметті премьер-министр шейх Хасина, Бангладеш Халық Республикасы (Жаңа дәуір, 6 тамыз 2015 ж.) [1].

Заманауи мектептің, жоғары оқу орындарының мақсаттары мен міндеттері қоғам талаптарымен тығыз байланысты, оны тіпті, қазіргі компьютерлік технологиясыз елестету мүмкін емес. Мұғалім-мектептің жүрегі, оқушылардың темірқазығы деп жатамыз. Бірақ, мұғалім бүгінде оқушылар үшін білімнің жалғыз көзі емес. Ол балаларды ақпарат әлеміне алып баратын, оларға көмектесетін, бағыт-бағдар беретін ассистент. Неге? Күн өткен сайын адам да, заман да өзгеріп жатырғанын білеміз. Демек, сәйкесінше заманына сай білім беруде электронды білім беру ресурстарын дамытып, сабақта пайдалана білу бүгінгі күннің мұғалімі үшін өзекті әрі уақыт талабы. Шындығына келсек, бізде әлі де дәстүрлі білім жүйесі сақталып келеді. Интерактивті тақталар мен компьютерлер өз міндеттерін толығымен атқарып жатпағаны да түсінікті жағдай. Алайда осы интеллектуалды-интерактивті технологияның көмегімен өткізетін сабақ пен мұғалімнің жұмыс барысын неге жеңілдетіп, жаңа сабаққа жаңа бір өң бермеске?

Мәселен, зерттеушілер ағылшын тілі сабағында қолданылатын фильмдер оқу бағдарламасында маңызды рөл атқара алатынын анықтады. Бұл нақты жағдайда, шынайы жағдайда және шетелдік мәдени контексте ағылшын тілін үйрену үшін пайдалы (RAO, 2019). Сонымен қатар, фильмдер ағылшын тілін үйренуге деген мотивация мен қызығушылықты арттырады [1].

Бүгінгі оқу жүйесінің форматына жаңа дем беретін процесс ретінде ұсынғым келетіні: ағылшын тілін оқыту барысында құндылыққа жетелейтін фильмдерді көрсетіп, әр оқушы мен студенттің көкжиегін кеңейтіп, сыни ойлау қабілетін дамыту. Мысалы, біз «қазақ тілі мен әдебиеті пәнін мұғалімдерін даярлау» мамандығында оқып жатырған болашақ педагогтерміз. Бірақ, біз шет тілі сабағында оқытушының кеңесімен мамандығымызға

байланысты фильмдер көріп, ағылшын тіліне деген құштарлығымыз бен сыни ойлау, жазылым және айтылым дағдысын дамыттық. Әрине жаңа сөзбен сөздік қорымызды молайтқанымыздың өзі біз үшін үлкен нәтиже. Әр студенттің ойын, жеке дара пікірі мен тұлғалық қарым-қатынасын басқа субъектілерден ерек қылған, бізге ұсынылған фильмдер тізбегі:

- Homeless to Harvard: The Liz Murray Story, 2003
- The Social Dilemma-documentary film
- The Ron Clark Story, 2006
- Most Dangerous Ways To School
- Mona Lisa smile
- TED TALKs (Robert Sapolsky, Chimamanda Adichie, etc.)

Алғаш естігенде, «сабақты-ойынға я болмаса, қызыққа айналдырудың керегі не?» дейтін ойдың болатыны да қалыпты жағдай. Бірақ, күнделікті емес, араға уақыт салып, аптаның бір уақытын «Фильм қарау күні» деп жариялаудың қандай артықшылықтары бар екенін талдайық.

Кейде сабақта фильм көрсету - бұл маңызды үрдіс. Кейбір фильмдер үлкен, күрделі идеяларды көрсетуге, кейбірі тақырыптарды басқаша, ерекше тәсілдермен зерттеуге көмектеседі. Ал ең жақсы фильмдер оқушылар мен студенттердің сынып қабырғасынан тыс кеңірек әлем туралы білімдерін байытуға үлесі зор. Мәселен, біз «The Ron Clark Story» фильмін көру барысында тек қана мұғалімнің біліктілігін түйіп қана қойған жоқпыз. Онымен қоса, педагогта болу керек рухани құндылықтармен (шыдамдылық, сабырлылық, жауапкершілік пен адалдық) танысып, бойға сіңіріп, кез-келген қиын жағдайдан ақылмен ғана шыға білуді, таңдаған мамандыққа деген махаббат пен ыстық ықыластың қажет екенін ұғындық.

Мұндай өзара әрекеттесу тиімді болуы үшін бірнеше әдістемелік шарттарды сақтау қажет:

1. Мектеп оқушыларын кинодағы көркем бейнелеу құралдарымен алдын ала таныстыру;

2. Әрекеттесу процесін бірнеше кезеңде жүзеге асыру: фильмді қабылдауға дайындық; ол туралы көргеннен кейін алған әсерлерімен бөлісу; проблемалық жағдаят тудыру арқылы оқушыларды әдеби дереккөзге итермелеу; фильм мен мәтінді салыстырмалы талдау.

3. Шығарманы оқу, контекстпен танысу барысындағы оқу әрекеті көрермендік белсенділікке түрткі болып, одан басым болуы керек [2].

Фильмдерді оқу құралы ретінде пайдалану тілдерді оқыту саласында жаңалық емес. Фильмдер мұғалімге сыныпқа әртүрлілік пен нақты әлем контекстін енгізуге көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар мазмұнға негізделген пікірталас студенттерге бұрынғы білімдері мен тәжірибелеріне сүйенуге мүмкіндік береді. (Тахир, Б., Дж. 2015) [1].

Ең алдымен, мұғалім сабақ тақырыбына сайып келетін фильмді таңдап, оқушылардан бұрын фильммен, тақырыпқа сәйкес келетін-келмейтінін анықтау керек. Басталмас бұрын оқытушы кез-келген студент алдына фильм атауымен бөліскен кезде, қаралымға дейін қандай ой туғанын сұрап, атауына байланысты фильмде не болатынын болжату керек. Екінші қадам- фильм басталмас бұрынғы сезім және көңіл-күймен бөлісу болса, үшінші қадам-фильмді көріп отыру барысындағы ішкі эмоция. Төртінші қадам-фильм аяқталған кездегі ойыңыз бен көңіліңіз. Соңғы қадам- сіз алған құндылық деп аталатын «5 қадам» әдісі- студенттердің медиа сауаттылық деңгейі арттырып, белсенді көруінен, бір-біріне ұқсамайтын танымы мен ұшқыр ойынан сыр шертеді [3].

Студенттің қиял кеңістігінің ерекшелігін анықтап, әр оқушының ойымен тілдесіп, білу үшін мұғалім фильм көру барысында маңызды сәтіне келгенде, уақытша тоқтатып әрі қарай не болатынын елестетіп, болжатып өзіндік идеясын айтқызып көру- студенттің интуиция деңгейін анықтауға көмектеседі. Ал фильмді жалғастыру арқылы - «Олар жай ғана

«интуиция» арқылы жүр ме? Немесе оқушы – студенттер өздерінің шолуларын дәл айтып, ақпараттандыра алды ма?» сынды сұрақтарға жауап ала алады.

Студенттердің идеяларын естігеннен кейін, кәсіби киносыншылар рөліне еніп, өздерінің фильм жайлы алып-қосарларын айтып, фильмді бағалап, шолу жасағанда, олар әдетте түйсікпен ғана емес, әлдеқайда әр кейіпкердің орнында болып моральды түрде көп әрекет ету арқылы - сыни ойлап-бағалау қыры дамиды. Олар белсенді шолу жасай отырып, фильмді жақсы немесе жаман деп санайтындарын жай ғана айтып қоймайды. Кәсіби кинорецензенттер, киносыншылар ретінде фильмді неліктен жақсы немесе жаман деп санайтындарын егжей-тегжейлі түсіндіреді.

Білім алу процесін одан ары жақсартатын фильмнің келесі қыры- маңызды ақпаратты жазып алу. Мәселен, фильм басталғанда біз кейіпкерлер туралы, олардың өмірі туралы ештеңе білмейміз. Тек аты-жөнінен бастап қана, негізгі оқиғаға байланысты олардың афоризмге айналған сөздеріне назар аударып, жазып аламыз. Міне, дәл осы жағдай- студенттің өміріндегі қайта қайталанбайтын лекциядағы ақпаратты жазумен тең.

Мұғалім ретіндегі келесі қадам- студенттерге пікірталасқа кіріспес бұрын, фильмге қатысты маңызды сұрақтарды қою және рефлексия жасауға уақыт бөлу. Ал одан кейін киносыншы ретінде жұлдыздық рейтингісін беретін студенттердің бағалау деңгейін бақылау керек.

Фильм көру процесі-білім жүйесін арттырып қана қоймай, дәстүрлі форматқа жаңа леп әкеліп, студенттер мен оқушылардың қызығушылығын арттыратын жүйе. Мәселен, деректі фильмдерді көргенде Барнс студенттерінен мынандай сұрақтар қою арқылы бейнені табуды сұрайды:

- Бұл фильмді кім түсірді?
- Неліктен олар фильмді түсірген?
- Бұл маңызды ма?
- Осы фильмді көргеннен кейін оны өз өміріме пайдалана аламын ба?

«Мен студенттеріме әрқашан тарихты емес, тарихшы болуды үйренеміз деп айтамын, солай емес пе? Өйткені бұл дағдыларды барлық пәндерде қолдануға болады», - дейді Блумберг [3].

Сондықтан фильм көру- тек уақыт өткізу үшін көретін нәрсе емес, оның да білім мен оқыту жүйесін түсінікті, қызықты өткізуге үлесі зор. Шет тілін оқыту барысында фильмді қарау - міндетті 3 тілдің бірін қызықты да, қызғылықты, айтылым, тыңдалым қабілеттерін арттыру үшін үлкен мүмкіншілік. Онымен қоса фильм көру арқылы- межелеген биікке жететініміз де анық.

Қарапайым біз демалыс күндері киноға барғаннан кейін, ұнаса баруға кеңес береміз. Дәл сол сияқты біз, мұғалім ретінде, фильмдерді көрсетуде тек қана бір ғана мақсат емес, студенттерді өз пікірлерін шынайы аудиториямен — сыныптастармен, отбасылармен немесе тіпті желіде бөлісуге шақырып, өзге де танымдық қырларын ашуға қол ұшын созамы.

Сонымен, оқу фильмдерінің нақты мақсаты бар, ол пәннің ерекшелігімен, материалдың сипаты мен күрделілігімен, оның оқу процесіндегі орнымен анықталады. Оқу-әдістемелік кешеннің құрамдас бөлігі бола отырып, оқу фильмдері әртүрлі оқу көрнекі құралдармен, макеттермен және басқа да дәстүрлі оқу құралдарымен үйлесімде қолданылуы керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Md. Ashraf Uzzaman, Sujit Roy, «Learning English through Watching Movies», July 2019
2. «Кино на уроке литературы», Paidagogos платформа
3. Jeff Knutson, «Showing a Movie in Class? Help Your Students Develop Active Viewing Skills», December 7, 2021
4. Erik Ofgang, «Showing Movies & Videos in Class», 24 January 2022